

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 27 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 наурызда № 6083 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 24 мамырдағы № 91 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 24.05.2021 № 91 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісай аудандық аумақтық инспекциясының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 08-02-03/57 ұсынысы негізінде Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі, Үтіртөбе елді мекенінің Жағалау көшесіне бір бас уақ малдың бас миының сынамасынан "листериоз" ауруына оң нәтиже көрсетуіне байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Жетісай ауданының "Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімнің Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауылдық округі әкімінің орынбасары С.Қасымовқа жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК